

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 305 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы
№ 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 7 н а у р ы з д а ғ ы
№ 3 0 5 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .**

2. «Қазақстан Республикасында аңшылық шаруашылығын жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы № 1441 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 50, 665 - құжат) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында аңшылық шаруашылығын жүргізу ережесінде:
22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Аңшылық шаруашылықтары қорықшылық қызметінің жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 қарашадағы № 1332

қаулысымен бекітілген Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгілік ережеге сәйкес жүзеге асырылады.»

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .**

4. «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 ақпандағы № 141 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 8, 75-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде
ағаш кесу ережесінде:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Кеспеағаш аймағын бөлу, ағаштарды қайта есептеу және таңбалау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 1512 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде кеспеағаштарды бөліп беру мен мөлшерлеу қағидаларына және орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) бекіткен Қазақстан Республикасының орман қорында таңбалауды қолдану қағидаларына сәйкес жүргізіледі.» ;

113-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) ағашы кесілген алаңдар туралы деректер орманшылық бойынша жүргізілетін орманның шығыс кітабына енгізіледі, ал учаскелердің өздері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 1512 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде кеспеағаштарды бөліп беру мен мөлшерлеу қағидаларына сәйкес алаңы, ағаш кесу жылы және ағаш кесу түрінің қысқартылған белгісі көрсетіліп, планшеттерге көкшіл бояумен тұтас сызықпен белгіленеді. Бір мезгілде мөлшерлеу сипаттамасына ағаш кесу жылы, ағаш кесілген алаң, ағаш кесудің түрі, тұқымдары бойынша кесілетін қор, ал өскіндер үшін – кесуден кейінгі ағаштың құрамы мен жуандығы енгізіледі.»;

161-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«161. Тамыр микозасымен зақымданған емен ормандарында жай-күйі IV-VI санаттағы ағаштар, ал III-IV санаттағы шегіршін ағаштарының голланд аурулары ошақтарындағы ағаштар тазартуға жатады. Ағаш кесуді күзгі-қысқы кезеңде жүргізген дұрыс, бұл ретте осы ағаштарды іріктеу және таңбалау зиянкестер жаңадан қоныстанған ағаштарды іріктеу уақытына келтіріледі және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № 1591 қаулысымен бекітілген Ормандардағы санитарлық қағидаларда айқындалған жәндіктердің қауіпті түрлерінің биологиясын ескеретін мерзімдерде жүргізеді.»

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.21 № 1474 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа**

енгізіледі)

Қ а у л ы с ы м е н .

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.06.2014 № 607 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.06.2014 № 664 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.03.2014 № 239 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).